

Берікболова А.Ж.  *1

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы
E-mail: berikbolova1995@mail.ru*

АҚМОЛА, СЕМЕЙ ОБЛЫСТАРЫНДАҒЫ ОҚУ-АҒARTУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ МЕЦЕНАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ТҮРЛЕРІ (XIX ҒАСЫРДЫҢ II ЖАРТЫСЫ-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

Аңдатпа

Бұл мақалада XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Ақмола және Семей облыстарындағы оқу-ағарту мен мәдениет саласындағы меценаттық қызмет жан-жақты қарастырылады. Ресей империясы құрамындағы аймақтарда мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіздігі жағдайында жергілікті меценаттардың бастамалары халықтың білім алуы мен мәдени өмірінің жандануына шешуші ықпал еткен. Мақаланың мақсаты – меценаттық қызметтің түрлерін айқындап, олардың қоғам дамуына қосқан үлесін анықтау, сондай-ақ аймақтық ерекшеліктерін көрсету.

Зерттеу материалдары Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (ҚРОМА) 44 және 64 қорларынан алынған құжаттарға, мерзімді баспасөз деректеріне («Тургайская газета», «Иртыш») және А.Глаголев, С.Новикова, Т.Казовская, З.Махмутов, Т.Титова еңбектеріне негізделген. Әдіснамалық тұрғыдан тарихи-генетикалық, салыстырмалы және жүйелік-құрылымдық әдістер қолданылып, меценаттықтың типологиясы мен оның әлеуметтік-психологиялық қырлары талданды.

Зерттеу нәтижесінде меценаттықтың төрт негізгі түрі – стихиялы, коллекционерлік, қамқоршы және қоғамдық ұйымдар аясындағы меценаттық айқындалды. Жаңалығы – осы құбылыстың Ақмола мен Семей өңірлеріне тән ерекшеліктері архивтік деректер негізінде алғаш рет жүйелі сипатталып отыр. Мақалада меценаттық қызметтің мәдениетті дамытудағы тарихи рөлі ашылып қана қоймай, қазіргі қоғам үшін де қайырымдылық бастамаларды қолдаудың маңыздылығы ұсыныс ретінде айтылады.

Кілт сөздер: меценаттық, қайырымдылық, Ақмола облысы, Семей облысы, ағарту ісі, мәдениет, коллекционерлік, қамқоршылық, архив деректері

Берикболова А.Ж. 

¹*Докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая
Республика Казахстан, г. Алматы
E-mail: berikbolova1995@mail.ru*

ВИДЫ МЕЦЕНАТСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ И КУЛЬТУРЫ В АКМОЛИНСКОЙ И СЕМИПАЛАТИНСКОЙ ОБЛАСТЯХ (ВТОРАЯ ПОЛОВИНА XIX – НАЧАЛО XX ВЕКА)

Аннотация

В статье рассматривается меценатская деятельность в сфере образования и культуры во второй половине XIX – начале XX вв. на примере Акмолинской и Семипалатинской областей. В условиях недостаточной государственной поддержки именно инициативы местных меценатов сыграли решающую роль в развитии народного просвещения и культурной жизни. Цель статьи – выявить типы меценатской деятельности, определить их вклад в развитие общества, а также показать региональные особенности данного явления.

Материалами исследования послужили документы Центрального государственного архива Республики Казахстан (ЦГА РК, Ф.44, Ф.64), материалы периодической печати («Тургайская газета», «Иртыш»), а также труды А.Глаголева, С.Новиковой, Т.Казовской, З.Махмутова и Т.Титовой. Методологическую основу составили историко-генетический, сравнительный и системно-структурный методы, позволившие выявить типологию меценатства и его социально-психологические аспекты.

В результате исследования были определены четыре основных типа меценатской деятельности – стихийное, коллекционерское, попечительское и общественное. Научная новизна работы заключается в том, что на основе архивных источников впервые системно охарактеризованы особенности меценатской деятельности в Акмолинской и Семипалатинской областях. В статье подчеркивается историческая роль меценатства в развитии культуры, а также предлагается рассматривать опыт прошлого как актуальный ориентир для поддержки благотворительных инициатив в современном обществе.

Ключевые слова: меценатство, благотворительность, Акмолинская область, Семипалатинская область, просвещение, культура, коллекционирование, попечительство, архивные источники

Berikbolova A.Zh. *¹

¹ *PhD student Student at Abai Kazakh National Pedagogical University
Republic of Kazakhstan, Almaty
E-mail: berikbolova1995@mail.ru*

TYPES OF PATRONAGE IN THE FIELD OF EDUCATION AND CULTURE IN AKMOLA AND SEMIPALATINSK REGIONS (SECOND HALF OF THE 19th – EARLY 20th CENTURY)

Abstract

This article examines patronage activities in the fields of education and culture in the Akmola and Semipalatinsk regions during the second half of the 19th and the early 20th centuries. In the context of limited state support, the initiatives of local patrons played a decisive role in the development of public education and cultural life. The purpose of the study is to identify the main types of patronage, assess their contribution to social development, and highlight the regional specificities of this phenomenon.

The research is based on archival documents from the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSARK, F.44, F.64), periodical press materials (Turgaiskaya gazeta, Irtysh), as well as scholarly works by A. Glagolev, S. Novikova, T. Kazovskaya, Z. Makhmutov, and T. Titova. The methodological framework includes historical-genetic, comparative, and system-structural approaches, which made it possible to analyze the typology of patronage and its socio-psychological dimensions.

The study identified four main types of patronage: spontaneous, collector's, custodial, and community-based. The novelty of the article lies in the first systematic characterization of patronage activities in the Akmola and Semipalatinsk regions based on archival sources. The article emphasizes the historical role of patronage in cultural development and suggests that past experience can serve as a valuable reference point for encouraging charitable initiatives in contemporary society.

Keywords: patronage, philanthropy, Akmola region, Semipalatinsk region, education, culture, collecting, guardianship, archival sources

Кіріспе.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы – Қазақстан тарихындағы әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістердің қарқынды жүріп жатқан кезеңі. Ресей империясының отарлық саясаты қазақ даласының қоғамдық құрылымына, әлеуметтік

қатынастарына ғана емес, сонымен бірге ағарту ісі мен мәдениет саласына да айтарлықтай ықпал етті. Бұл дәуірде білім беру мекемелерін ашу, ұлттық мәдениетті сақтау мен дамыту, халықтың рухани өмірін жаңғырту бағытында жаңа бастамалар көтерілді. Аталған үрдісте меценаттардың, яғни жеке адамдардың және қоғамдық ұйымдардың қайырымдылық қызметінің маңызы зор болды [1].

Қазақстандағы меценаттық тек материалдық жәрдем берумен шектелмей, халықтың ағарту ісіне, әдебиет пен өнердің дамуына, ғылыми ізденістердің өріс алуына бағытталған әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде танылды. Жергілікті ауқатты кәсіпкерлер, саудагерлер, зиялы қауым өкілдері мектептер мен медреселер салуға, кітапханалар ашуға, театрлар мен музыкалық қоғамдардың қалыптасуына қаржылай және рухани тұрғыда қолдау көрсетті. Олардың осындай қызметі қазақ қоғамындағы мәдени-ағартушылық қозғалыстың жаңа деңгейге көтерілуіне негіз болды.

Әсіресе Ақмола және Семей өңірлерінде меценаттықтың әртүрлі формалары кеңінен дамып, аймақта ерекше көрініс тапты. Нәтижесінде бұл аймақтар империяның шығыс шекарасындағы әкімшілік орталықтары болуымен қатар ірі мәдени ошақтарына айналды; екінші жағынан, жергілікті халықтың сауат ашуға, ұлттық мәдениетті қолдауға деген сұранысы күшейді. Демек, осы аймақтардағы меценаттық қызметтің тарихын зерделеу жалпыұлттық мәдени дамудың заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеліп отырған мәселе тарих ғылымында әлі толыққанды, жүйелі түрде қарастырылмаған. Кеңестік дәуірде меценаттық көбіне «буржуазиялық қайырымдылық» деп бағаланып, терең зерттелмеді. Тек тәуелсіздік жылдарында ғана отандық тарихнамада меценаттықтың ұлттық мәдениеттің қалыптасуындағы рөліне объективті баға беру мүмкін болды.

Осыған байланысты зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Ақмола және Семей облыстарындағы оқу-ағарту және мәдениет саласындағы меценаттық қызметтің түрлерін айқындау, олардың қоғам дамуына қосқан үлесін саралау. Бұл мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылады:

- меценаттықтың құқықтық және әлеуметтік негіздерін ашу;
- стихиялы, коллекционерлік, қамқоршы және қоғамдық ұйымдар аясындағы меценаттықтың ерекшеліктерін талдау;
- аймақтық деңгейдегі нақты мысалдар арқылы меценаттық қызметтің мәдени және ағартушылық маңызын көрсету;
- меценаттықтың ұлттық мәдениет пен ағарту ісіне қосқан үлесін бағалау.

Осылайша, мақалада меценаттықтың типологиясы мен оның аймақтық көріністерін зерттеу арқылы қазақ қоғамының рухани-мәдени дамуындағы қайырымдылық бастамалардың тарихи орнын анықтау көзделеді.

Материалдар мен әдістері.

Бұл мақаланың дереккөздік негізін архивтік құжаттар, мерзімді басылымдар мен арнайы ғылыми еңбектер құрады. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің 44 және 64 қорларындағы материалдарда Ақмола және Семей өңірлеріндегі мешіт, медресе, мектеп салуға қатысты өтініштер, қайырымдылық қоғамдарының жарғылары, мәдени бастамаларға байланысты деректер молынан кездеседі. Сонымен қатар «Тургайская газета», «Иртыш», «Сибирский архив» секілді мерзімді басылымдар меценаттықтың жергілікті ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді.

Ғылыми әдебиеттер ішінде А. Глаголевтің «Экономическая философия великих русских меценатов конца XIX – начала XX вв.» және С. Новикованың «Из истории отечественного меценатства» еңбектері меценаттықтың жалпы теориялық және құқықтық негіздерін талдауда басты орын алды. Сонымен қатар, Т. М. Казовскаяның Петербургтегі ағартушылық қоғамдар туралы зерттеуі [1, 23-113 бб.] мен З. А. Махмутов пен Т. А. Титованың [2] қазақ даласындағы мұсылман көпестерінің қайырымдылық қызметіне арналған еңбегі аймақтық ерекшеліктерді салыстыра қарастыруға негіз болды.

Осы дереккөздердің кешені меценаттықтың түрлерін айқындап қана қоймай, оның Ақмола мен Семей өңірлерінде қандай деңгейде жүзеге асқанын көрсетуге мүмкіндік берді. Әсіресе архив құжаттары нақты фактілерді ашып, меценаттықтың әлеуметтік, мәдени және ағартушылық қызметінің практикалық қырын айқындады.

Мақаланы жазуда ең алдымен тарихи-генетикалық әдіс тиімді болды. Оның көмегімен меценаттық құбылысының пайда болу себептері, оның эволюциясы және қоғамдағы орны анықталды. Мәселен, стихиялы қайырымдылықтан жүйелі қамқоршылыққа дейінгі даму сатылары осы әдіспен сараланды.

Сонымен қатар тарихи-салыстырмалы әдіс Ақмола мен Семей облыстарындағы меценаттық қызметті Ресейдің басқа аймақтарындағы ұқсас тәжірибелермен салыстыруға мүмкіндік берді. Бұл тәсіл жергілікті ерекшеліктерді, мысалы мұсылман көпестерінің қайырымдылықтағы белсенділігін көрсету тұрғысынан тиімді болды.

Ал жүйелік-құрылымдық талдау меценаттықты тұтас әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде зерделеуге жол ашты. Оның көмегімен меценаттықтың қоғамдағы функциялары – ағарту ісін қолдау, мәдени мекемелерді дамыту, әлеуметтік мәртебе құру – кешенді түрде қарастырылды. Бұл әдіс мақаладағы негізгі тұжырымдарды нақтылап, меценаттық қызметтің өңірлік және жалпыимпериялық қырларын ашуға мүмкіндік берді.

Нәтижелері.

Зерттеу барысында XIX ғасырдың соңында – XX ғасырдың басында Ақмола және Семей өңірінде меценаттық қызметтің мынадай негізгі түрлері анықталды:

Стихиялы меценаттық – жеке тұлғалардың белгілі бір жағдайға байланысты қайырымдылық жасауы. Мысалы, Н. Забиров пен М. У. Хамитов мешіт пен медресе құрылысына қаржы бөлді.

Коллекционерлік меценаттық – мәдени құндылықтарды жинақтап, қоғамдық мұрағаттарға және музейлерге тапсыру. Бұл тұрғыда Лейбиндер әулеті мен Д. П. Багаевтың еңбектері ерекше.

Қамқоршы меценаттық – белгілі бір оқу орындары мен мәдени мекемелерді жүйелі түрде қолдау. П. Березницкий мен ағайынды Белослюдовтардың қызметі осы үлгіге жатады. Қоғамдық ұйымдар құру мен қаржы салу музыкалық қоғамдар, драмалық өнер әуесқойларының қауымдастықтары және театрлық бастамалар арқылы жүзеге асқан.

Зерттеу көрсеткендей, меценаттардың қызметі көбінесе жеке бастамамен қатар, қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілікпен де байланысты болды.

Талқылау.

Ресей империясының тарихында 1781 жылдан бастап жеке адамдарға мектептер, театрлар, баспаналар және т.б. сияқты қайырымдылық мекемелерін ашуға ресми түрде рұқсат етілді, бірақ 1862 жылдан бастап санкция құқығы императордан Ішкі істер министрлігіне берілді. Бұл меценаттық пен жеке қайырымдылықты одан әрі дамытуға айтарлықтай кедергі болды, өйткені осы ведомствоның бюрократ шенеуніктері осындай қызметті жүзеге асыру үшін рұқсат беру құқығына ие болды. Өз еркімен жасалған бастама жағдайында айыппұл немесе бас бостандығынан айыру қаупі төнді. Мысалы: 1844 жылы шілдеде Қарқаралы округінде мұсылман балаларын оқыту үшін мешіт пен училище салуға тырысқан қазақ Ф. Абдикенге іс қозғалды [3].

Сонымен қатар XIX ғасырдың II жартысынан бастап Ресей империясында құрметті атақтардың әртүрлі белгілері мен атауларының дамыған жүйесі болды, мекемелер мен ұйымдарға, стипендиялар мен арнайы төлемдерге "қайырымдылық жасаушы" деген ат тағайындау кеңінен таралды. Бірақ 1862 жылғы заң бойынша, егер қандай да бір оқу орнында өз атына стипендия төлегісі келсе, онда ол осы стипендияға тең болатын барлық соманы төлеуге міндетті болды. Яғни, жылына 400 рубль стипендия тағайындау үшін бір уақытта 10 000 мың рубль ұсыну қажет болды [4].

Меценаттық қызмет қоғам дамуына қарай әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде өзгерістерге ұшырап отырды. Уақыт өткен сайын оның мақсаттары, міндеттері мен мотивтері өзгеріп, мемлекет тарапынан жүргізілген саясат та түрленді. Қайырымдылыққа

салынған капитал көлемі мен қолданылу аясы кеңейе түсті. Кей кездері меценаттық белгілі бір деңгейде жеке амбицияны, даңққұмарлықты қанағаттандыру құралына да айналды. Мысалы, Дала генерал-губернаторы, кавалерия генералы Барон Таубе 1896 жылғы 10 шілдеде Императордың бұйрығын орындау мақсатында Павлодар қаласының бұрынғы басшысы, I гильдия көпесі Артемий Деровқа қалаға көрсеткен материалдық қызметтері үшін Павлодар қаласының Құрметті азаматы атағын беру жөнінде шешім қабылдауы тиіс болды. Тіпті аталған қала басшысының портреті Думаның залында ілінген [5].

Нағыз меценаттар, әдетте, қоғамның мойындауына үміт артады: жариялылық, есімінің есте қалуы, қоғамдағы белгілі бір мәртебеге ие болу. Кейбір меценаттық әрекеттердің риясыздығына күмән келтіруге болар еді, дегенмен бұл игі істі қандай себеп түрткі етсе де, меценаттықтың ұлттық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуына қосатын үлесінің маңыздылығын еш кемітпейді.

Меценаттықты тарихи құбылыс ретінде қарастырғанда, оның типологиясы көпқырлы және біржақты емес. Меценаттардың қызметін әртүрлі өлшемдер мен белгілер бойынша сипаттауға болады.

Бірінші түрі – стихиялы меценаттық. Бұл меценаттық түрі жүйелі көзқарасқа негізделмеген, мәдениетке, өнер мен білімге деген нақты ұстанымдармен бекітілмеген, оқта-текте, белгілі бір жағдайға немесе өмірлік оқиғаға байланысты жүзеге асады. Мұндай қызметте айқын мүдделілік немесе тұрақты қызығушылық болмайды. Дегенмен, Қазақстандағы меценаттар қатарында әртүрлі ұлт өкілдері, дін ұстанушылары мен әлеуметтік таптардан шыққан жандар болды. Олардың көпшілігі көпұлтты ұлттық мәдениетіміздің негізін қалауда айрықша рөл атқарды. Уақыт өте келе меценаттық мәдени орта қалыптастырушы күшке айналды. Бұл үдерісте меценаттық, ағартушылық және өнерге жақындық тығыз тоғысты.

Мысалы, Нұрмұхаммет Забиров белгілі мал шаруашылығы кәсіпкері болған. Ақмола қаласының былғары базарында оған 6600 рубль құны бар үлкен сауда орындары тиесілі болды. Міне, осы адам балаларға арналған пансионат салуды бастап көрсетті. Саудагер Забиров сондай-ақ қаланың екінші мешіті – «татар» немесе «жасыл» мешітін тұрғызды. Мешіттің «татар» деп аталуы оның құрылысын сол кездегі Ақмола қаласының ең бай адамдарының бірі, татар ұлтының өкілі Забиров жүргізгендігімен байланысты, ал «жасыл» деген атау мешіттің сырлануы жасыл майлы бояумен боялғандығынан пайда болды.

Сол заманның құрметті азаматы Мұхаммед-Уәли Хамитов 1912 жылы Семей қаласындағы №2 мешітке қаражат беру және мешітке қатысты екі үй мен жер учаскесі мен оларға тіркелген барлық шаруашылық құрылыстарды қабылдауға рұқсат беру туралы өтініш жасады. Оған осы үйлерде мешітке қарасты медресенің де сақталуы міндеттелді [6].

Тіпті стихиялы сипаттағы меценаттықтың өзінде де халықты ағарту мен мәдени құндылықтар жасауға деген ортақ адамгершілік ұмтылыс байқалады. Ол - көркем жинақтар құру, кітаптар шығару, қолөнер мен өнерге, білімге қамқорлық көрсету, жазушыларды, суретшілерді, музыканттарды қолдау, мектептер мен оқу орындарын салу арқылы жүзеге асырылған.

Меценаттық қызмет көбіне қамқорлық көрсетуші тұлғаның мінезі мен дүниетанымына байланысты болды. Алайда меценаттардың басым көпшілігі қамқорлықты шынайы жүрек қалауымен, жан дүниесінің қалауы ретінде жүзеге асырды – мансап немесе жеке пайда үшін емес. Қазақ даласындағы осындай меценат-энтузиастардың күш-жігерімен мұражайлар мен театрлар, кітапханалар мен көркем галереялар, мектептер мен басқа да рухани өмір орталықтары құрылды. Ресей империясы құрамындағы шет аймақтардың мәдени дамуына арналған арнайы мемлекеттік бағдарламалар болмаған және болуы да екіталай еді. Ал өз ісіне берілген коллекционерлер мен өнер сүйгіш жандардың бастамалары Қазақстандағы музейлердің, көрмелер мен галереялардың қорын байыта түсті.

Екінші түрі – коллекция жинау немесе коллекционерлік меценаттық. Бұл – меценаттық қызметтің ерекше түрі, оның мақсаты – рухани өмірін байыту, қоғамның мәдени деңгейін көтеру, сирек әрі құнды дүниелерге деген қызығушылық арқылы

шығармашылық ізденісті дамыту және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу, сонымен қатар жаңа адамдармен танысып, байланыс аясын кеңейту.

Коллекционерлер мен жинаушылар – бұл өнердің шынайы жанашырлары, әдемілік пен ерекше дүниелерге құмар, кейде тіпті өз коллекциясын жасау ісіне бүкіл өмірін арнауға дайын жандар. Олар көп жағдайда өзінің талғамын, дүниетанымын және рухани ізденісін көрсететін коллекциясын жылдар бойы жинап, оны біртұтас күйде сақтап қалуға ұмтылады. Олардың басты тілегі – бұл жинақтың бөлініп кетпей, болашақ ұрпаққа иесінің мәдени талғамы мен рухани бейнесін танытатын мұра ретінде қалуы.

Бұл қызметтің сипаты көпқырлы. Жинаушылық ісі көбіне іскерлік сапарлар немесе ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында бастау алады. Сирек кездесетін кітаптар, монеталар, зергерлік бұйымдар, музыкалық аспаптар және тағы басқа да құнды заттар жиналды. Ал мәдениет пен өнер туындыларын жинау ісінде коллекционерлер оларды жекеменшік иелерінен, нарықтан, өсімқор дүкендерден сатып алып, арадағы делдалдар арқылы өз қорын толықтырды.

Кейбір меценаттар бұл салаға арнайы өнертанушылар мен сарапшыларды тартып, шеберлердің еңбегіне кәсіби баға бергізіп отырған. Қазақстанда да осындай ауқымды және құндылығы жоғары жеке коллекциялар болған – олар тіпті астана музейлерінің көрмелерін көркейте алатындай деңгейде еді.

Атап өту қажет, сирек коллекцияларды жасауға жеке тұлғалардың қосқан үлесі айрықша. Мәселен, Петропавл қаласындағы коллекционер Виктор Никонов, Семейлік өнер туындылары жинаушысы Юлий Невзоров және басқа да азаматтардың қызметі – еліміздегі коллекционерлік меценаттықтың жарқын үлгісі болып табылады [7].

XIX ғасырдың соңында және XX ғасырдың басында Қазақстанда фотография ісі үлкен танымалдыққа ие болды. Ақмола, Семей аймақтарындағы белгілі фотосалондардың бірі – «А. Лейбин және ұлдары» болатын. Лейбиндер әулеті туралы мәліметтер Ч. Валиханов, А. Құнанбаев және Ф. М. Достоевскийдің өмірбаяны мен естеліктерінде кездеседі. XIX ғасырдың ортасында Том губерниясынан қоныс аударған Соломон Лейбин Семейде фотография ісін ұйымдастырды. Оның талантты ұлдары мен немерелері жалпы қазақ өлкесіндегі фотографиялық өнердің қалыптасуына елеулі үлес қосқан. Мәселен, фотограф Абрам Лейбин Семей қаласында қызмет еткен, оның ұлы Соломон Верный қаласына қоныс аударған. Ал 1872-1874 жылдары Соломонның ұлы Абрам Соломонович те генерал-губернатор Г. А. Колпаковскийдің шақыруымен Верный қаласына көшіп барған. А. С. Лейбиннің ұлы Павел Абрамович портрет және пейзаждық фотографиямен айналысқан [8].

П. Лейбиннің еңбектері археология, денсаулық сақтау, сондай-ақ Орта Азия және Қазақстан халықтарының тұрмысы мен киім-кешегін зерттеуде кеңінен қолданылды. Оның пошта ашықхаттары Дүниежүзілік пошталық одақтың мөрімен және Верныйдағы Тарнецкий дүкенінің мөрімен шыққан және көптеген коллекцияларда кездеседі.

Лейбиндер отбасы өңірдің қоғамдық өміріне белсенді араласты. Олар Верный қалалық думасының депутаттары болып сайланып, қоғамдық жиынның ақсақалдар кеңесіне мүшелік етті. Осылайша, Лейбиндер әулеті меценаттар ретінде кеңінен танымал болды [9].

Төменде атақты Лейбиндер әулеті түсірген фотолардың бірнешеуі көрсетілген. Бұл фотолар «Петр I атындағы антропология және этнография музейінде (Кунсткамера)» сақталған (қысқарту үшін көбінесе МАЭ деп жазады).



Сурет-1. П.А. Лейбин. Молитва. Первая четверть XX в. Казахи. МАЭ, № И-1292-26



Сурет-2. П.А. Лейбин. Бритье головы. Первая четверть XX в. Казахи. МАЭ, № И-1292-20




Сурет-3. П.А. Лейбин. Доеение овец. Первая четверть XX в. Казахи. МАЭ, № И-1292-14



Сурет-4. П.А. Лейбин. Землетрясение в Верном. Первая четверть XX в. Казахи. МАЭ, № И-1292-20

Дмитрий Поликарпович Багаев (1884-1958) Вятка губерниясының қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Жастық шағында Павлодарға келген ол өмірінің басым бөлігін осы қалада өткізді. Фотография өнерін Омскідегі белгілі фотограф ағайындылар – Коркиндерден үйренді. Павлодарға оралған соң, Д. П. Багаев өз фотосалонын ашты. Ресей географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің корреспондент-мүшесі ретінде облыстың шамамен барлық аймақтарына сапарлап, құжаттық фотосуреттер түсірді [10]. Кәсіби фотограф-суретші Д. П. Багаевті облыстың тарихшысы, басты өлкетанушысы және Павлодар (Прииртышьяның) зерттеушісі деп атайды. Ол өз жұмыстары арқылы өңірдің фотохроникасын жасады. Оның суреттері облыстың тарихи маңызды оқиғаларын жан-жақты көрсетті. Сонымен қатар, ол Қарқаралы, Оңтүстік Шығыс Қазақстандағы Өскемен,

Зайсан, Қарағанды және Семей қалаларын да суретке түсірген. Д. П. Багаевтің фотосуреттері сол заманның куәгері болып, жоғалған дәуірді қайта жаңғыртты.



Сурет-5. Д. Багаев. Фотография каменной бабы около дома. Павлодар. МАЭ, № И-550-1



Сурет-6. Д. Багаев. Кошма орнаментированная. Экибастузский мясосовхоз. Павлодар. МАЭ, № И-550-11



Сурет-7. Д. Багаев. Церковь Ямышевская. Павлодар. МАЭ, № И-550-21



Сурет-8. Д. Багаев. Церковь в поселке Семиарский. Павлодар. МАЭ, № И-550-23

1905 жылы фотограф Д. Багаев Павлодарда алғашқы фотографиялық студиясын ашқан және 1911 жылы студия үшін осы үйді сатып алған. Өмір бойы ол туған өлкесін зерттеп, Павлодар Прииртышының фотохроникасын жүргізген. Ол XX ғасырдың басындағы қала тұрғындарының өмірі, мәдениеті мен тұрмысын бейнелейтін жүздеген бірегей фотосуреттер жасады. Павлодар қаласында кезінде Дмитрий Багаев тұрған көне ғимаратта музей-үйі ашылған. Ғимарат 1904 жылы салынған еді. (Сурет-9). Д. П. Багаевтың мемориалдық музей-үйі республика көлеміндегі жалғыз фотография музейі екендігін атап өткен жөн.



Сурет-9. Павлодар. Д.П.Багаевтің үйі.

Үшінші түрі – қамқоршы меценат. Бұл меценаттық түрі өзінің тарихи бастауын Ежелгі Римнен алады – атақты Гай Цильний Меценат ақындар Гораций мен Вергилийді қолдап, қамқорлықтың бұл түріне өз есімін қалдырған. Мұндай меценаттықта адамның мәдени мекемелерді құру мен басқаруға тікелей әрі жүйелі қатысуы байқалады: ол мәдени іс-шараларды, шығармашылық ұжымдарды, өнер және мәдениет қайраткерлерін қаржылай қолдайды.

Мәселен, 1892 жылдан бастап Семей қаласының жексенбілік шіркеу-мектебінің қамқоршысы болған ірі дворян Петр Березницкий 1896 жылы өз қаражаты есебінен мектептің тас ғимаратын тұрғызды. Мектеп, жабдықтарымен бірге оған 8 000 рубльге түсті. Қамқоршылық мерзімінде Петр Березницкий мектепті жөндеуге, оқушыларға арналған мектеп құрал-жабдықтарын сатып алуға өз қаражатын жұмсады, жыл сайын 10-нан 150 рубльге дейін қайтарымсыз қаржы бөлген. Сонымен қатар, ол мектептің ішкі өміріне белсене араласып, осы мекемені бітірген тәрбиеленушілердің болашақ тағдырына қамқорлық жасады. Осындай қызметі үшін дворян Петр Березницкийге II дәрежелі Әулие Станислав ордені берілген [11].

Бұл үлгідегі меценаттарда жоғары ұйымдастырушылық қабілет болуы тиіс. Олар көбінесе мәдени мекемелердің басқару ісіне тікелей араласады, олардың шаруашылық және құқықтық құжаттарын әзірлейді, даму стратегиясын айқындайды. Қаржылай көмегі мемлекеттік субсидияларды толықтыра алуы мүмкін. Мұндай меценаттар суретшілерді қолдау үшін олардың туындыларын сатып алады, шығармашылық іссапарларын қаржыландырады, жұмыс істеуге қажетті жағдай жасайды.

Семей қаласы тұрғындарының мәдениеті мен ағартушылық ісінің дамуына, сондай-ақ өңірді зерттеуге бауырлар Белослюдовтардың елеулі үлес қосты. Б.Г.Герасимовтың 1913 жылы "Сібір мұрағаты" журналында жарияланған "Семей облысындағы жеке мұражай" атты еңбегінде мәдениет пен ағартушылықтың дамуына елеулі үлес қосқан ағайынды Белослюдовтардың еңбегі атап өтіледі [12]. Олар облыстық тарихи-өлкетану музейінің қалыптасуына көп күш пен білімдерін арнады. Белослюдовтардың еңбегі сонымен қатар

Қазақстанда 1906 жылы тұңғыш рет жаңа типтегі музей-үйін құруымен де ерекшеленеді [13]. Музейдің қорын археологиялық және этнографиялық экспедициялар барысында, оның ішінде Семей маңындағы аймақтардан табылған жәдігерлер толықтырды. Құмыралар, кесешанышқылар, жебе ұштары, түрлі пішіндегі пышақтар, жүзіктер, көне монеталар Белослюдовтардың музей экспозициясының негізін құрады. Коллекцияда 4000-нан астам жәдігер жиналды. Талантты суретші В.Н. Белослюдов картиналар галереясын құрды, алайда өкінішке орай кейін бұл галерея ыдырап кетті. Белослюдовтар қазақ фольклорының – мақал-мәтелдер, ертегілер жинағына да көп еңбек сіңірді.

Жаңа материалдар жинау мақсатында олар Оңтүстік-Батыс Алтайға сапар шекті. 1909 жылы Зайсан көлі аймағынан этнографиялық материалдар жинады. Өздерінің үй музейінде бауырлар Белослюдовтар геология және минералогия, палеонтология және антропология, тарихқа дейінгі археология, көне заттар, суреттер, кітаптар, қолжазбалар, нумизматика, этнография және картиналық галерея бөлімдері бойынша мол экспонаттар жинақтады. Қазақстан халықтарының – қазақ, татар, орыс халықтарының тұрмыс құралдары, киімдері, қолданбалы өнер бұйымдары этнография және мәдениет бөлігінде жақсы көрініс тапты. Белослюдовтардың музейінде жалпы саны 4000-нан астам экспонат болды.

1910 жылы Омскідегі Батыс-Сібірдің бірінші көрмесінде Белослюдовтардың үй музейі Кіші күміс медальмен марапатталды. 1911 жылы бауырлар Белослюдовтар өздерінің үй музейінен 500 экспонатты облыстық музейге тапсырды. 1912 жылдың маусымында бауырлар Белослюдовтар Томск, Петербург, Харьков және Ресейдің Азия мен Еуропа қалаларына музей ісін ұйымдастырумен танысуға сапар шекті. Бұл сапардың мақсаты Семей музейінің жұмысын олардың тәжірибесіне сүйене отырып жетілдіру болды [14].

Төртінші - қоғамдық ұйымдар аясындағы меценаттық. Қазақстандағы меценаттық тарихы – бұл тек өз уақытының энтузиастарының қызметі ғана емес. Сонымен қатар, бұл – мәдениет, ғылым және білім салаларының дамуына елеулі үлес қосқан қоғамдық комитеттер мен ұйымдардың да меценаттық қызметінің тарихы. Олар күш-жігерін, уақытын және қаражатын аямай, қоғамда рухани құндылықтарды сақтау мен таратуға ұмтылды.

Меценаттықтың қамқоршы түріне көп жағдайда "қоғам" атауымен түрлі мекемелер жұмыс жасап, олар игі істерге толы болды. Себебі "қоғамдық ұйымдар" деген ұғым КСРО Конституциясында алғаш рет тек 1936 жылы ресми түрде бекітілді. Оған дейін заңнамада "пайда табуды көздемейтін қоғамдар мен одақтар" деген анықтама қолданылған.

Мәселен, Пржевальск Қаласындағы Драмалық Өнер Әуесқойлары Қоғамының жарғысында былай деп көрсетілген: «Өз мүмкіндігі шегінде, қоғамдық қайырымдылыққа қолдау көрсету, яғни қойылымдар мен түрлі шығармашылық кештердің бір бөлігінен түскен табысты театр өнерін меңгеріп жүрген жастарға, жетім балалар мен жесір әйелдерге, сондай-ақ көмекке мұқтаж қайырымдылық мекемелерінің пайдасына беру».

Аталған жарғы 34 тармақтан тұратын көлемді құжат болған. Онда ұйымның ұйымдастырушылық құрылымы, қаржылық мәселелері жан-жақты қарастырылған. Құжаттың түпнұсқасында өңірге танымал 20 тұлғаның қолы қойылған – бұл сол кездегі зиялы қауым мен белсенді азаматтардың меценаттық бастамаларға қаншалықты атсалысқанын көрсетеді [15].

Сол сияқты, Семейдегі Музыкалық қоғамның қызметі де ерекше маңызға ие болды. «Семей Музыкалық қоғамының жарғысында» қоғамның мақсаты ретінде келесі жәйттер атап көрсетілген:

а) Музыкалық кештер, концерттер мен опера қойылымдарын ұйымдастыру арқылы қоғам мүшелері арасында эстетикалық талғам мен музыкалық қабілеттерді дамытуға ықпал ету;

б) Қоғам мүшелеріне қызметтік немесе кәсіби міндеттерден тыс бос уақытында өзара пайдалы қарым-қатынас орнатып, отандық және шетелдік композиторлардың музыкалық және вокалдық шығармаларын орындау мүмкіндігін беру;

в) Жергілікті халық арасында музыкалық білімді таратуға жәрдемдесу, егер қоғам жанынан музыкалық мектеп ашылса, оның музыка мен ән сабақтарына қолжетімділік қамтамасыз ету;

г) Қайырымдылық мақсатында музыкалық кештер ұйымдастыру, соның ішінде рухани концерттер де өткізу [16].

Осындай музыкалық қоғамдардың қалыптасуы мен дамуы өзінше ерекше шығармашылық зертхана болды, мұнда музыкалық туындыларды орындаудың жаңа формалары сынақтан өтті. Бұл қоғамдардың қызметі ең алдымен қоғамдық бастамаларды дамытуға бағытталды.

Семей музыкалық қоғамының мүшелері кең ауқымды қызмет көрсетіп, қазіргі заманғы және классикалық өнер туындыларымен таныстырды, көркем өнердің барлық салалары бойынша пікір алмасып, өзін-өзі жетілдірудің түрлі әдістерін пайдаланды.

Қоғам мүшелері жарна төлеп отырды, ол қаражат жиналыстың қажеттіліктеріне жұмсалды. Әрине, мұндай іс-шараларға тек азаматтық борышын терең түсінетін, жоғары сана сезімге ие адамдар қатыса алды. Солардың еңбегі арқасында біздің өңірдің мәдениеті белсенді түрде жаңғырды және дамыды.

Петропавл қаласындағы қала театры үш театр труппасының бір уақытта қызмет етуімен ерекшеленді: орыс, қазақ және татар труппалары. 1909 жылы инженер А. Кастальский Костанайда алғаш рет дыбыссыз кино көрсетуін ұйымдастырды, ал төңкеріске дейінгі жылдары «Фурор» кинотеатры жұмыс істей бастады [17]. Петропавлда 1872 жылы мұсылман балаларға арналған жеті жеке училище қызмет көрсеткен. 1908 жылы осы қалада мұсылман саудагерлерінің қаржысына мұсылман әдебиеті кітапханасы, мұсылман кітап дүкені және оқу залы ашылды [18, 230 б.].

1904 жылы Петропавл қаласының Думасы халық театрының құрылысы туралы жариялап, арнайы қайырымдылық жинауды бастады. Қысқа уақыт ішінде қажетті қаражат жиналды. Қызыл кірпіштен «Сібір барокко» стилінде салынған ғимарат тұрғызылды. 1906 жылғы қазан айындағы «Иртыш» («Ертіс») газетінде бұл ғимараттың қаланың өміріндегі орны былай сипатталған: «Қалалық театр, қоғамдық қаржыға салынғандықтан, қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруы тиіс, ал мұндай қажеттіліктер өте көп. Бұл ғимарат халық үйі болуы керек, мұнда қоғамдық кітапхана орналастырылып, халыққа арналған оқу шаралары өткізіліп, халықтық спектакльдер қойылуы қажет». Осылайша, театр қала тұрғындары үшін шынайы халық үйіне айналды.

Театрдың алғашқы басшысы – драмалық актерлер қоғамын басқарған А. Горбунов болды. Театр үшін бұрынғы әйелдер прогимназиясының жертөлесі бейімделді. Сол жерде А. Островскийдің «Бақытты күн» және Н. Гогольдің «Ревизор» спектакльдері қойылды. 1897 жылы театрда 57 адам болды, оның 21-і актерлер еді. 1905 жылдың күзінде қалаға алғашқы кәсіби труппа келді. Олар таза көңіл көтеру комедияларымен қатар М. Горькийдің «Төменгі тереңдікте» және А. Островскийдің «Күнасыз күнәлілер» пьесаларын қойды. 5-6 спектакльден кейін артистер кетті.

Театр ең үлкен өркендеуін 1912-1915 жылдары бастан өткерді. Ең үздік қойылымдар ретінде А. Грибоедов, Н. Гоголь, А. Островский, А. Чехов, Ф. Шиллер пьесалары сахналанды. Сондай-ақ украин және татар драматургтарының пьесалары да орындалды. 1911-1912 жылдар маусымында Петропавлда провинциялық театрдың жетекші актрисаларының бірі Мария Велизарий өнер көрсетті. 1916 жылы Петропавлға Шаляпин мен Горькийдің досы әйгілі трагик Павел Орленев келді. Сонымен бірге сахнада белгілі провинциялық актриса Е. Л. Ленина өнер көрсетті [18, 187 б.].

1910-1912 жылдардан бастап Семей, Петропавл, Өрде, Атбасар, Орынбор және басқа да қалаларда алдыңғы қатарлы қазақ интеллигенциясы негізінен халық аңыздары мен ертегілерін сахналаған әуесқой спектакльдер қойды. Осы кезде алғашқы қазақ пьесалары да пайда болды, көбінесе бір актілі пьесалар: Құлбай Тоғусовтың «Білімсіздіктің жемістері», Ішіңғали Мендіхановтың «Малдыбай» комедиясы сахналанды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдени өмірі алдыңғы тарихи кезеңдерден айрықша болып, жаңа жанрлардың пайда болуы, көпжанрлы кәсіби өнердің қалыптасуы және оның көп ғасырлық қазақ мәдениетінің тамырларына негізделуімен сипатталады. XX ғасырдың басы – қазақ әдебиеті мен журналистикасының гүлденген дәуірі, қазіргі әдеби тілдің қалыптасуы, қазақ драматургиясының және алғашқы қазақ романдарының пайда болған кезеңі. Осы тұста қазіргі қазақ мәдениеті қалыптаса бастады деуге болады.

Қорытынды. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Ақмола және Семей облыстарындағы меценаттық қызмет аймақтың мәдени және ағартушылық өмірінде маңызды рөл атқарды. Меценаттар халықты оқыту ісіне, мәдени мекемелерді қалыптастыруға, өнер мен білім-ғылымды дамытуға айтарлықтай үлес қосты.

Зерттеу нәтижесінде меценаттықтың бірнеше түрі анықталды: стихиялы меценаттық – жеке бастамамен жасалған қайырымдылық; коллекционерлік меценаттық – мәдени мұраларды жинақтап, келешек ұрпаққа жеткізуге бағытталған қызмет; қамқоршы меценаттық – оқу орындары мен мәдени орталықтарды жүйелі қолдау; қоғамдық ұйымдар аясындағы меценаттық – музыкалық, театрлық, ағартушылық қоғамдар арқылы жүзеге асқан қызмет.

Бұл қызмет түрлерінің барлығы аймақ тұрғындарының мәдени деңгейін көтеріп қана қоймай, қазақ қоғамында ағартушылық дәстүрдің дамуына, ұлттық мәдениеттің жаңғыруына ықпал етті. Сонымен қатар, меценаттық әлеуметтік бедел мен мәртебенің өлшеміне айналып, қоғамның рухани-мәдени құрылымын айқындады.

Демек, Ақмола және Семей өңірлеріндегі меценаттық тарихын зерделеу – тек белгілі тұлғалардың қызметін тану ғана емес, сонымен бірге қазақ қоғамының рухани жаңғыру жолындағы әлеуметтік-мәдени үдерістерді түсінудің де маңызды алғышарты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Казовская Т. М. *Просветительные общества и меценаты в формировании культурной среды Петербурга (конец XIX – начало XX вв.): автореф. дис. ... канд. ист. наук.* – Санкт-Петербург, 1994. – 26 с.
2. Махмұтов З. А., Титова Т. А. *Благотворительная деятельность мусульманского купечества Казахстана в XIX – начале XX в. // Oriental Studies.* – 2023. – Т. 16, №3. – С. 495-504. – DOI: <https://doi.org/10.22162/2619-0990-2023-67-3-495-504>
3. *Областная хроника // Тургайская газета.* – 1901. – №48.
4. Новикова С. *Из истории отечественного меценатства // Посев.* – 1992. – №2. – С. 109.
5. *Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.* – Қор 64. – Тізбе 1. – Іс 666. – Парақ 10.
6. *Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.* – Қор 64. – Тізбе 1. – Іс 1268. – Парақ 3.
7. Глаголев А. *Экономическая философия великих русских меценатов конца XIX – начала XX вв. // Вопросы экономики.* – 1994. – №7. – С. 113.
8. Проскурин В. Н. *Фотосалон «Лейбин и сыновья» // Очерки истории Алматы. Алма-Ата от А до Я в калейдоскопе событий [Электронный ресурс].* – Режим доступа: <http://vernoye-almaty.kz/a-z/f2.shtml> (қаралу күні: 28.01.2025).
9. Проскурин В. *Из истории евреев в Казахстане XIX – начала XX вв.* – Алматы, 2001. – С. 56, 61.
10. Дмитрий Багаев: *летописец Павлодарского Прииртышья / сост. В. Д. Болтина, Т. Е. Покидаева, Л. В. Шевелева.* – Павлодар, 2017. – 224 с.
11. *Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.* – Қор 64. – Тізбе 1. – Іс 1197. – Парақ 216.
12. Герасимов Б. Г. *Частный музей в Семипалатинской области // Сибирский архив.* – 1913. – №13.

13. Семипалатинску 250 лет. – Алма-Ата: Казахстан, 1968. – С. 45.
14. Герасимов Б. Г. Частный музей в Семипалатинской области // Сибирский архив. – 1913. – №3.
15. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. – Қор 44. – Тізбе 1. – Іс 462.
16. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. – Қор 64. – Тізбе 1. – Іс 958.
17. Кустанай: вчера, сегодня, завтра. – Алма-Ата: Казахстан, 1979. – С. 46.
18. История городов Казахстана. Петропавловск. – Алма-Ата: Наука, 1985. – С. 208.

References:

1. Kazovskaya T. M. *Prosveshchitelnye obshchestva i metsenaty v formirovanii kulturnoi sredy Peterburga (konets XIX – nachalo XX vv.)* [Educational Societies and Patrons in the Formation of the Cultural Environment of St. Petersburg (late 19th – early 20th centuries)]: Abstract of PhD thesis. – St. Petersburg, 1994. – 26 p.
2. Makhmutov Z. A., Titova T. A. *Blagotvoritelnaya deyatelnost musulmanskogo kupechestva Kazakhstana v XIX – nachale XX v.* [Charitable Activities of Muslim Merchants of Kazakhstan in the 19th – early 20th centuries] // *Oriental Studies*. – 2023. – Vol. 16, No. 3. – P. 495-504. – DOI: <https://doi.org/10.22162/2619-0990-2023-67-3-495-504>
3. *Oblastnaya khronika* [Regional Chronicle] // *Turgaiskaya gazeta*. – 1901. – No. 48.
4. Novikova S. *Iz istorii otechestvennogo metsenatstva* [From the History of Russian Patronage] // *Posev*. – 1992. – No. 2. – P. 109.
5. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSARK). Fund 64, Inventory 1, File 666, Sheet 10.
6. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSARK). Fund 64, Inventory 1, File 1268, Sheet 3.
7. Glagolev A. *Ekonomicheskaya filosofiya velikikh russkikh metsenatov kontsa XIX – nachala XX vv.* [The Economic Philosophy of Great Russian Patrons of the late 19th – early 20th centuries] // *Voprosy ekonomiki*. – 1994. – No. 7. – P. 113.
8. Proskurin V. N. *Fotosalon “Leibin i synovya”* [Photo Studio “Leibin and Sons”] // *Ocherki istorii Almaty. Alma-Ata ot A do Ya v kaleidoskope sobytii* [Essays on the History of Almaty. Alma-Ata from A to Z in a Kaleidoscope of Events]. Available at: <http://vernoye-almaty.kz/a-z/f2.shtml> (accessed 28.01.2025).
9. Proskurin V. *Iz istorii evreev v Kazakhstane XIX – nachala XX vv.* [From the History of Jews in Kazakhstan in the 19th – early 20th centuries]. – Almaty, 2001. – P. 56, 61.
10. Dmitrii Bagaev: *letopisets Pavlodarskogo Priirtyshya* [Dmitry Bagaev: Chronicle Writer of Pavlodar Priirtyshye] / Comp. V. D. Boltina, T. E. Pokidaeva, L. V. Sheveleva. – Pavlodar, 2017. – 224 p.
11. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSARK). Fund 64, Inventory 1, File 1197, Sheet 216.
12. Gerasimov B. G. *Chastnyi muzei v Semipalatinskoi oblasti* [Private Museum in the Semipalatinsk Region] // *Sibirskii arkhiv*. – 1913. – No. 13.
13. *Semipalatinsku 250 let* [250 Years of Semipalatinsk]. – Alma-Ata: Kazakhstan, 1968. – P. 45.
14. Gerasimov B. G. *Chastnyi muzei v Semipalatinskoi oblasti* [Private Museum in the Semipalatinsk Region] // *Sibirskii arkhiv*. – 1913. – No. 3.
15. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSARK). Fund 44, Inventory 1, File 462.
16. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSARK). Fund 64, Inventory 1, File 958.
17. *Kustanai: vchera, segodnya, zavtra* [Kustanai: Yesterday, Today, Tomorrow]. – Alma-Ata: Kazakhstan, 1979. – P. 46.
18. *Istoriya gorodov Kazakhstana. Petropavlovsk* [History of the Cities of Kazakhstan. Petropavlovsk]. – Alma-Ata: Nauka, 1985. – P. 208.